



Құрметті тұтынышылар!

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 22 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 609-тармағына сәйкес, «ССКӨБ» 2025-2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру бойынша бекітілген тарифтердің өзгергені туралы хабарлайды.

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілуімен шешімімен.

Жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметке тариф пен тарифтік сметаны уәкілетті орган мыналардың негізінде өзгертілді:

- Заңның 22 - бабы 1-тармағының 1) тармақшасы және Қағидалардың 601-тармағының 1) тармақшасы - 2025 жылғы 1 шілдеден бастап стратегиялық тауарлардың құнын өзгерту:
 - «Рудный су арнасы» ЖШС магистральдық құбырлар және тарату желілері (техникалық су, ауыз су, ағындар) бойынша су беру жөніндегі қызметтері,
 - «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ сатып алынатын тауарлық газ,
- Заңның 22 - бабы 1-тармағының 9-2) тармақшасы және Қағидалардың 601-тармағының 11) тармақшасы - 2024 жылғы статистика деректері бойынша қалыптасқан Қостанай облысындағы экономикалық қызмет түрі бойынша бір жұмыскердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі.

Жаңа тарифтердің мөлшері туралы ақпарат қосымша ұсынылатын болады.